

# **СБОРНИК СТАТЕЙ**

**Международной научно-практической  
конференции молодых ученых**

**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:  
НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ  
XXI СТОЛЕТИЯ.**

**ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»,  
посвященной 25-летию со дня основания  
Евразийского национального университета  
имени Л.Н. Гумилёва**

**25-26 февраля 2021 года**



**г. Нур-Султан, 2021**



**СБОРНИК СТАТЕЙ**  
**Международной научно-практической**  
**конференции молодых ученых**  
**«НУРГАЛИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ-Х:**  
**НАУЧНОЕ СООБЩЕСТВО СТУДЕНТОВ**  
**XXI СТОЛЕТИЯ. ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»**

*25-26 февраля 2021 года*

г. Нур-Султан, 2021

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

**Н90**

*Рецензенты:* И. Любоха-Круглик - д.ф.н., профессор (Польша)  
Л.Е. Беженару - д.ф.н., профессор (Румыния)

*Под общ. ред. - д.ф.н., проф. К.Р.Нургали*

**Члены редколлегии:** д.ф.н., проф. К.Р.Нургали, к.ф.н., проф. Мукажанова Л.Г., маг. Азкенова Ж.К.

**Н-90** «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки»: сборник статей по материалам Международной научно-практической конференции (25-26 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). / Под общ. ред. д.ф.н., проф. К.Р.Нургали. – Нур-Султан: ЕНУ, им.Л.Н. Гумилёва, 2021. – 591 с.

**IBSN 978-601-337-505-2**

Данный сборник статей состоит из материалов, представленных на юбилейной Международной научно-практической конференции «Нургалиевские чтения-Х: Научное сообщество молодых ученых XXI столетия. Филологические науки» (25-25 февраля 2021 г., г.Нур-Султан). Доклады участников этого научного форума представляют собой результаты исследований молодых ученых по литературоведческим и лингвистическим проблемам, а также вопросам современных методик анализа литературных произведений, переводоведения, образования в условиях пандемии. Многоаспектность тем выступлений – свидетельство интересов современных студентов, которые отличаются широким кругозором и высокой научно-методической подготовкой к научным исследованиям.

Участники данной конференции представляют вузы, которые являются многолетними партнёрами по международному академическому сотрудничеству. Так, перед широкой аудиторией выступили студенты, магистранты, докторанты и аспиранты вузов Казахстана, Российской Федерации (г.Москва, г. Казань, г. Таганрог, г. Ставрополь), Польши (г.Катовице), Румынии (г.Яссы), Турции (г. Анкара) и др.

Данный сборник может быть рекомендован обучающимся образовательных программ по филологическим и педагогическим направлениям.

**IBSN 978-601-337-505-2**

**УДК 80/81**

**ББК 81.2**

©ЕНУ им. Л.Н. Гумилёва, 2021

1. Бабочка // URL: <https://www.livemaster.ru/topic/942335-chto-soboj-simvolizruyut-babochki> (Дата обращения: 05.02.2021).
2. Бойд Б. Владимир Набоков: русские годы. СПб, Симпозиум, 2010. 950 с.
3. Клишевич Н.В. Особенности жанра рождественского рассказа. URL: <https://multiurok.ru/files/osobiennosti-zhanra-rozhdiestvienskogo-rasskaza.html> (Дата обращения: 05.02.2021).
4. Набоков В. Полное собрание рассказов / Владимир Набоков; сост. А. Бабинов. – СПб.: Азбука, Азбука-Аттикус, 2019. 864 с.
5. Набоков В. Рождественский рассказ. URL: <https://bookshake.net/r/rozhdestvenskiy-rasskaz-vladimir-vladimirovich-nabokov?page=1-3> (Дата обращения: 05.02.2021).
6. Набоков В.В. Рождество (стихи). URL: <https://www.culture.ru/poems/21782/rozhdestvo> (Дата обращения: 05.02.2021).

***Аннотация.** На материале произведений В.В. Набокова «Рождество» и «Рождественский рассказ» представлен анализ ведущих жанрообразующих мотивов и образов. Делается вывод об их эволюции.*

***Ключевые слова:** В.В. Набоков, драма, костюм, знак, пародия.*

***Annotation.** Based on the material of V. V. Nabokov's works "Christmas" and "The Christmas Story", the analysis of the leading genre-forming motifs and images is presented. The conclusion about their evolution is made.*

***Keywords:** V. V. Nabokov, drama, costume, sign, parody.*

## ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АҚЫНДЫҚ МҰРАСЫ

**Қалмет С.Б.**

*II курс магистранты*

*Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ*

*Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

*[breeze\\_rare@mail.ru](mailto:breeze_rare@mail.ru)*

*Ғылыми жетекші – Тұрысбек Р.С.*

*ф.ғ.д., профессор*

*[rst58@mail.ru](mailto:rst58@mail.ru)*

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның түрлі саласында еңбек етіп, құнды теориялары мен зерттеу еңбектерін мұра етіп қалдырды. Оның әлемнің екінші ұстазы саналуы да осыған байланысты. Ғалымның сөз өнері оның ішінде әдебиет теориясына қатысты ой-пікірлері бүгінгі күнде де өз өзектілігімен ерекшеленеді. Бұған қоса, ғұламаның ақындық мұрасынан да өз өмірін, сол кездегі қоғам бейнесін де анық аңғаруға болады. Әрине, ғұламаның өз заманының айтуы ақындарының бірі болғандығын белгілі тарихшылар мен ақындар өз еңбектерінде жазып жүр. Бірақ, соған қарамастан бізге жеткен өлеңдерінің көлемі шағын. Дейтұрғанмен де, шет елдік ғалымдар соңғы жылдары ақынның жер-жерден өлеңдерін тауып, ақын шығармашылығын толықтырып жатқаны да белгілі.

Әдебиетте «Ислам дәуірі әдебиеті» деген атпен кеңінен таралған X-XII ғасырда өнер, оның ішінде сөз өнері, ақындық жаңа қарқын алды. Орта ғасырда

өмір сүрген араб тарихшылары мен ақындары Әбу Насыр әл-Фарабидің өлеңдері көп болғандығын жазады. Мұны атақты шығыстанушы Е.Бертельс те қолдайды. Бірақ, бізге жеткен санаулы өлеңдері ғана бар. Бірақ, осы өлеңдерінен-ақ Фарабидің өз заманының айтулы ақындарының бірі болғандығын байқауға болады.

Фарабидің ғылыми тұжырымдамаларымен қатар оның қай кезеңде де өз өзектілігін жоймайтын идеялары ғұлама шығармаларымен танысуға мүмкіндік алған ортағасырлық шығыс ойшыларына ықпал етті. Философ ғалым А.Қасымжановтың айтуынша мәдениетке, оның ішінде Шығыс Азия, Орта Азия, Кавказ халықтарының мәдениетіне Фараби әр тарапта ықпал етті. Мысалы: Махмуд Қашқари, Жүсіп Баласағұни еңбектерінде энциклопедист Фарабидің рационалистік әрі гуманистік идеялары айқын көрініс береді [1, 101].

Ортағасырлық әдебиетте Фарабидің ой-пікірлері мен тың идеялары айқын аңғарылады. Шығыстанушы ғалым Б.Ғафур Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығындағы гуманистік, философиялық ізденістерін, парасат пайымдарын, трактаттарындағы биік мұраттарды кейінгі Фирдауси, Низами, Жүсіп Баласағұни, Саиф Сағди, Науаи, Хафиз сынды ғұламалар өз шығармаларында жаңғыртты. Ғалым оның ішінде атап айтар болсақ, әзірбайжан ақыны Низамидің шығармашылығына Фарабидің биік гуманистік идеялары әсер еткенін айтады. Ал, кейін қаншама ғасырлар өткеннен соң ұлы Абайдың өзі Фарабиді өзіне ұстаз тұтты [2, 98].

Фарабидің өлеңдері жөнінде біраз мәліметтер Р.Хадоят, М.Аббас, А.Атеш, Х.Данышман, Дехудо атты араб, парсы, түрік зерттеушілерінің еңбектерінде кездеседі.

Әдебиеттанушы Немат Келімбетов Ибн Халикон атты араб тарихшысы жазып қалдырған Фараби бәйіттерін жолма-жол аударып шығады. Фараби өлеңдерін қазақ тілінде көркем аудармамен толықтырған - Аян Нысаналин. Ол өлеңдегі эстетикалық әсерді сырлы жеркізуді басты шарт етіп алған.

Фарабидің бізге жеткен поэзиялық туындылары – «Бауырым қанша сүйгенмен», «Қашықтасың туған жер», «Жайнаған бейне бір гүл әлем сырлы», «Бауырым, сен теріс жолға түскен жандарға ерме», т.б.

Ақын өлеңдерінің өміршеңдігі, оның қай заманда да қоғам қажеттілігін өтеуі - ақындық таланттың биіктігінен.

Ақын өлеңдерінің тақырыбы, көтерген мәселесіне байланысты бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Мысалы:

1. Ақынның өз туған жеріне деген ыстық сағынышы мен махаббаты
2. Дидактика, адамгершілікке баулу
3. Өмірдің мән мағынасы

Араб атақты дәрігері Ибн Усайбиға Фарабидің мынадай өлең шумақтарын қалдырады:

Бәйітім менің кәдеңе сенің жараса,  
Нұр сәуле одан тапқаның.  
Ұға алмасаң ғақлия  
қараңғыда мәңгілік  
Көзіңді жұмып жатқаның.

Қысыр сөз бізге не керек  
эбден мезі етсе де  
Нәсіп болған дәмімді  
әлі де татып келемін... [3, 32].

Ақынның бәйіт жазудағы ең негізгі мақсаты - осы арқылы адамдарға пайдалы болу, оларды жақсылыққа үндеп, игілікке шақыру. Ғұламаның бар ниеті қысыр сөзбен мезі ету емес, керісінше, ой салу, адамдардың көзін ашу. Татар дәмі таусылғанша ғақлия ұқтыру.

Ақын өзінің көздеген мақсатына жетті. Оның сыр мен сабаққа толы өлеңдері мен айтулы трактатары бүгінгі күнде де өз маңызын жоймай, қайта уақыт өткен сайын өзекті болып, тамырына үңілген сайын тереңдеп жатыр. Мұның бәрі ақынның талант пен еңбекті қатар ұштастыра білуінде деп есептейміз.

Ақын өлеңдерінің дидактикалық сарында болуына оның өлеңдерінің сопылық поэзиямен астасып жатуы әсер етеді. Ақынның бұрынырақта Ибн Халликон атты араб тарихшысы жазып қалдырған бәйіті үгіт-насихат, өмірдің өткіншілігі, яғни сопылық поэзияның үлгісімен жазылған. Жолма-жол аудармамен берілген өлең «Бауырым, сен теріс жолға түскен жандарға ерме» деп басталады.

Бұл өлеңде әл-Фарабидің көтерген мәселелерін былайша саралауға болады:

Ақын алдымен теріс жолға түскен жандарға ермеуге үгіттейді, олардан алыс жүруді, әрқашан әділдік жолында болуға үндейді.

Екіншіден, бұл өмірде ешкім өлімді жеңе алмағанын, өйткені бұл дүниенің біздің мәңгі тұрағымыз емес екендігін ескертеді.

Үшіншіден, адамдардың дәрменсіздігін құмға түскен ізбен салыстырады. Бір самалдың соғуы құмдағы ізді өшіргені секілді, біз де мына өмірден ұшты-күйлі жоғалып кетуіміз мүмкін деген ой айтады.

Төртіншіден, адам баласын бір сәттік қана қысқа ғұмыр берілген, бірақ адамдар сол аз ғана сәтті көп көріп, бірін-бірі азаптайды, қинайды, бірін-бірі жегідей жейді деген терең философиялық ой айтады.

Бесіншіден, атақ-даңқтың түкке тұрғысыз нәрсе екендігін, оған таласып, бір-бірін азаптағанша, Құдайға жалбарынып, өліп кеткеніміз жақсы деп қорытады.

Әдебиеттанушы Н.Келімбетов бұл бәйіт туралы: «Ақыл-парасат пен оқу ағатудың жалынды күрескері болған Фараби зорлық-зомбылық атаулыға барынша қарсы шықты. Осы идеяны өз жырларына арқау етті. Ақынның гуманистік тұрғыдан айтылған ой-пікірлері бүгінгі оқырманды да таңдандырып, сүйсіндіреді», - деген пікір айтады. Шынында да, ақын өлеңдерінің әр тармағы әр түрлі мәселені көтеріп, сопылық поэзияның тұтас мақсатын айқын көрсетеді [4, 165].

Ақын поэзиясында ерекше көзге түсер шоқтығы биік туындыларының бірі – «Қашықтасың туған жер». Бұл өлеңнің негізгі идеясы – туған жерге деген ақынның ыстық сағынышы. Ғұламаның жас күнінде білім қуып, туған жерінен алыстағыны бәрімізге мәлім. Бұл өлеңдегі сезім - ақынның ішкі жан тебіренісі, жан толқынысы.

Бұған қоса, зулап бара жатқан өмірдің ағысы, сол өмірде құм секілді тез ысып, тез суынар ақымақтың көптігі – ақын жанын қинайды.

Одан әрі ақын:

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,  
Әкімдікке көбісі жүгінеді.  
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,  
Жаным менің түршігіп, түңіледі, - деп қорытады.

Бұл түйін Ұлы Абай шығармашылығында жалғасын тапты. Ұлы ақынның «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» атты өлеңінде:

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, - деген жолдарынан екі ғұламаның идеялық үндестігін анық аңғаруға болады.

Өкінішке орай, бұдан мың жыл бұрын Фараби көтерген мәселе – ақын жан-дүниесін түршіктірген атақ-даңққа деген құмарлық – Абай заманында да, қазіргі заманда да өзекті болып отыр.

Қорытынды: «Нағыз поэзия еркіндікте тұмақ» деп бір ауыз сөзбен бүкіл өлең өнерінің шартын анықтап берген ғұламаның 1150 жылдығы да өтті. Ақындарды топқа бөліп, оларға дәл әрі нақты анықтама беріп, талдау жасаған ғұлама өз дәуірінің айтулы ақындарының бірі болды. Мұны сол кезеңдегі араб, парсы тарихшылары мен ақындарының жазбаларынан айқын аңғаруға болады. Оған қоса, көлемі шағын болса да әлі де өзектілігін жоймаған ақындық мұрасы дәлел бола алады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. Алматы, 1994. - 115 б.
2. Гафуров Б.Г. Аль-Фараби в истории культуры. М., 1975. - 169 б.
3. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995. – 255 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. - 336 б.

*Аннотация:* Мақалада Әбу Насыр әл-Фарабидің әдеби-теориялық ой-пікірлері сарапқа салынып, ақындық мұрасына талдау жасалады. Әдебиетке қосқан үлесі жүйелі түрде сараланады. Ақындық мұрасының бүгінгі күн тұрғысынан өзектілігі тұжырымдалады.

*Кілт сөздер:* ақын, әдеби теория, поэтика, трактат, өлең.

#### THE POETIC HERITAGE OF AL-FARABI

Kalmet S.B.

Undergraduate 2 years of study

Eurasian national University L.N.Gumilyov, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan

*Abstract:* The article examines the literary and theoretical views of Abu Nasir al-Farabi, analyzes his poetic heritage. His contribution to literature is systematically analyzed. The relevance of the poetic heritage in the modern context is formulated.

*Key words:* poet, theory of literature, poetics, treatise, poem.

#### ПОЭТИЧЕСКОЕ НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ

Калмет С.Б.

магистрант 2 года обучения

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан

*Аннотация:* В статье рассматриваются литературные и теоретические воззрения Абу Насира аль-Фараби, анализируется его поэтическое наследие. Систематически анализируется его вклад в литературу. Сформулируется актуальность поэтического наследия в современном контексте.

*Ключевые слова:* поэт, теория литературы, поэтика, трактат, стихотворение.